

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2017 жылғы 11 желтоқсан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

Төрағалық етуші баяндамашы судья А.А. Федорцов,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Ж.Н. Бәйішев, Д.Г. Колос,
Т.Н. Нешатаева, В.Х. Сейтімова, Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, К.Л. Чайка,
сот отырысының хатшысы М.А. Наумчиктің қатысуымен,
іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 47, 50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның Техникалық реттеу және аккредиттеу департаменті директорының орынбасары Әділов Бауыржан Маратұлының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 9 және 99-баптарының, Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 32 қосымша) 43-тармағының ережелеріне түсініктеме беру туралы өтініші бойынша осы Консультативтік қорытындыны береді.

I. Сұрақ және өтініш беруші баяндаған мән-жайлар

1. Әділов Бауыржан Маратұлы (бұдан әрі – өтініш беруші) Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 9 және 99-баптарының, Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің (Шартқа № 32 қосымша, бұдан әрі - Кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереже) 43-тармағының ережелеріне түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініш беруші Қазақстан Республикасының азаматтығы бар екенін хабарлайды. Ол Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Төрағасының 2014 жылғы 4 маусымдағы бұйрығымен Техникалық реттеу және аккредиттеу департаменті директорының орынбасары лауазымына еңбек

шартының 4 жыл қолданылуы мерзімімен: 2014 жылғы 4 маусымнан бастап 2018 жылға 3 маусымға дейінгі аралыққа тағайындалған.

Түсініктеме беру туралы өтініште 2016 жылғы сәуірде осы департаменттің директоры лауазымына да Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалғаны көрсетілген. Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия, ЕЭК) Кадр қызметі Шарттың 9-бабының 2-тармағына сәйкес бір сол мемлекеттің азаматтары Комиссия департаментінің лауазымды адамдары бола алмайтынына сілтеме жасай отырып, 2017 жылғы 21 қыркүйекте өтініш берушіге оның 2017 жылғы 24 қарашадан бастап қысқартылатыны туралы хабарлады.

Б.М. Әділов Шарт күшіне енгенге дейін өздерімен еңбек шарттары жасалған департамент директорлары мен директорларының орынбасарлары еңбек шарттарында көзделген мерзімдер аяқталғанға дейін өздеріне жүктелген міндеттерді орындауды жалғастырады деп белгіленген Шарттың 99-бабының 3-тармағына назар аударады.

Өтініш беруші Шарттың 9-бабының 2-тармағының және 99-бабының 3-тармағы бесінші абзацының жоғарыда келтірілген ережелерін Шарт күшіне енгенге дейін лауазымға қабылданған Комиссияның лауазымдық адамымен еңбек шартын бұзу кезінде қолдану тұрғысында және болу мемлекетінің заңнамасымен (Ресей Федерациясы Еңбек кодексінің 261-бабы) белгіленген өзіне қатысты кепілдіктердің қолданылуына түсініктеме беруді сұрайды.

II. Соттағы рәсім

2. Б.М. Әділовтің өтініші Сот ісін жүргізуге 2017 жылғы 30 қазанда қабылданды.

3. Істі қарауға дайындау шеңберінде Комиссияның, мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрліктерінің, Әділет министрліктерінің, ғылыми-практикалық орталықтарының, Халықаралық еңбек ұйымының Әкімшілік трибуналының, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даулар жөніндегі трибуналы мен Апелляциялық трибуналының атына сауалдар жіберілді.

Комиссиядан, Армения Республикасының Әділет министрлігінен, Беларусь Республикасының Әділет министрлігінен, Армения Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Философия, әлеуметтану және құқық институтынан, Беларусь Республикасы Ұлттық заңнама және құқықтық зерттеулер орталығынан және Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтынан жауаптар алынды.

4. Б.М.Әділов тарапынан өтініш бойынша қосымша ақпарат ұсынылды.

5. Соттың Үлкен алқасының түсініктеме беру туралы өтінішті қарау жөніндегі отырысы 2017 жылғы 11 желтоқсанда болып өтті.

III. Соттың құзыреті

6. Соттың Еуразиялық экономикалық комиссияның Техникалық реттеу және аккредиттеу департаменті директорының орынбасары Б.М. Әділовтің өтінішін қарауға қатысты Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (Шартқа № 2 қосымша, бұдан әрі - Статут) 46-тармағында көзделген құзыреті Соттың 2017 жылғы 30 қазандағы өтінішті іс жүргізуге қабылдау туралы қаулысымен белгіленді.

7. Шарттың 9 және 99-баптарының, Кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің 43-тармағының ережелеріне түсініктеме беру туралы өтініштен бөлек, өтініш беруші Сот алдына Комиссияның оны қысқарту жөніндегі іс-қимылдарының құқыққа сыйымдылығы және еңбек шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзінің лауазымдағы міндеттерін орындауға құқылығы туралы мәселелерді қояды.

Соттың Үлкен алқасы түсініктеме берудің нысанасы тек Шарттың көрсетілген нормаларына абстрактілі түсіндірме жасау, яғни олардың жалпы мазмұнын анықтау емес, сонымен бірге өтініш беруші мен Комиссия арасындағы қатынастарда пайда болған нақты мән-жайларға қатысты қолданылатын құқықтық нормалардың мағынасын айқындау, яғни *in concreto* түсіндірме жасау болып табылады деп атап өтеді.

8. Түсіндірме жасау 2014 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың қызметін тоқтату туралы шарттың 3-бабының 3-тармағына сәйкес бұрынғы мәртебесінде іс-әрекетін жалғастыратын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының Апелляциялық палатасының 2014 жылғы 7 қазандағы шешімімен құқықтың абстрактілі нормасының реттеушілік-құқықтық мағынасын оны іске асыру процесінде айқындауды және түсініктеме беруді білдіреді деп белгіленді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің (бұдан әрі - Регламент) 11-бабы 1-тармағының д) тармақшасына сәйкес, түсініктеме беру туралы өтініште Шарттың, Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі - Одақ) шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің еңбек құқықтық қатынастарына, түсініктеме беру талап етілетін сұрақты баяндауға байланысты ережелері көрсетіледі.

IV. Соттың тұжырымдары

9. Шарт кіріспесінің үшінші абзацының ережелеріне сәйкес Одақты құру кезінде мүше мемлекеттер мемлекеттердің егемендік теңдігі қағидатын басшылыққа алды. Шарттың 3-бабы екінші абзацының нормаларына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жарияланған халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаты Одақ қызметінің негізі болып табылады.

Одақтың институционалдық құрылымы тұрғысында мемлекеттердің егемендік теңдігі қағидатын білдіру нысандарының бірі - Комиссия департаменттері лауазымды адамдарының лауазымдарына орналасуға кандидаттарды іріктеу кезінде мүше мемлекеттердің теңдей өкілдік ету қағидаты болып табылады.

Шарттың 9-бабының 2-тармағы Комиссия департаменттеріндегі лауазымды адамдардың лауазымдарына орналасуға қатысты үш қағида белгілейді:

бір сол мемлекеттің азаматтары Комиссия департаментінің лауазымды адамдары бола алмайды;

көрсетілген лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеуді ЕЭК-тің конкурстық комиссиясы Тараптардан теңдей өкілдік етілу қағидатын ескере отырып жүргізеді;

көрсетілген лауазымдарға орналасу конкурсына қатысу үшін кандидаттарды тиісті Тараптан Комиссия Кеңесінің мүшесі ұсынады.

Барлық үш қағиданың қолданылуын қарай келгенде, Соттың Үлкен алқасы бұлардың Одақтың халықаралық ұйым ретінде жұмыс істеуі шеңберінде мемлекеттердің егемендік теңдігі қағидатын іске асырып тұрғанын атап өтуді қажет деп санайды.

Сот Шарттың 9-бабының Одақтың тұрақты жұмыс істейтін органдарының құрылымдық бөлімшелерінде лауазымдарға орналасу шарттары мен тәртібін реттейтініне назар аударады.

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша, бұдан әрі – Комиссия туралы ереже) 54-тармағының үшінші абзацында Комиссияның лауазымды адамдарын жұмысқа қабылдау Шарттың 9-бабына сәйкес жүзеге асырылатыны белгіленген, оның 2-тармағы мүше мемлекеттердің теңдей өкілдік ету қағидатын ескере отырып конкурстық іріктеу талабын бекітеді.

Шарттың 12-бабының 2-тармағының 16-тармақшасының ережелеріне сәйкес Одақ органдарындағы мүше мемлекеттер азаматтарының арасынан лауазымды адамдардың өкілдік ету параметрлерін бекіту өкілеттігі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңеске берілген.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 10 қазандағы «Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменттерінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер азаматтарының арасынан лауазымды адамдардың өкілдік ету параметрлерін бекіту туралы» № 80 шешімімен Одақтың әрбір мүше мемлекетінен Комиссия департаменттерінің директорлары мен директорларының орынбасарларының теңдей санда өкілдік етуі бекітілді.

Жоғары кеңестің шешімін орындау мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 12 ақпандағы «Еуразиялық экономикалық комиссия департаменттерінің тізбесін, штат санын бекіту және оларды Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы мүшелері арасында бөлу туралы» № 1 шешімімен Комиссия департаменттерінің тізбесі 25 департамент және әрбір мүше мемлекеттің өкілдік етуі бес департамент директорлары лауазымында және он үш департамент директорларының орынбасары лауазымында бекітілді, бұл лауазымды адамдардың барлық санаттары бойынша теңдей өкілдік етуді қамтамасыз етеді.

Сөйтіп, Одақ құқығы Комиссия департаменттерінде Одаққа мүше мемлекеттер азаматтарының арасынан лауазымды адамдардың теңдей өкілдік етуін жариялайды және кепілдік береді. Одақтың келтірілген құқықтық актілерінің ережелері Одақ құқығында мемлекеттердің егемендік теңдігі қағидаты мен оның институционалдық көрінісі, теңдей өкілдік ету қағидаты іске асырылғанын растауға негіз береді.

10. Соттың Үлкен алқасы Шарттың 9-бабының 2-тармағының бірінші сөйлеміне ерекше назар аударады, соған сәйкес бір сол мемлекеттің азаматтары Комиссия департаментінің лауазымды адамдары бола алмайды.

Шарттың 2-бабының төртінші абзацы «лауазымды адамдар» ұғымын мынадай түрде айқындайды: бұлар мүше мемлекеттердің Комиссия департаменттерінің директорлары және Комиссия департаменттері директорларының орынбасарлары, сондай-ақ Одақ Соты Хатшылығының басшысы, Одақ Соты Хатшылығы басшысының орынбасарлары және Одақ Соты судьяларының кеңесшілері лауазымдарына тағайындалған азаматтары. Демек, Шарт Комиссияның лауазымды адамдары деп департаменттер директорларының және департаменттер директорлары орынбасарларының лауазымдарына тағайындалған адамдарды атайды.

Шарттың 9-бабының 2-тармағының ережелерін, соның ішінде осы тармақтың бірінші сөйлемін жүйелі талдау онда баяндалған қағидаларды қолдану саласы департаменттер штатын қалыптастырудың және лауазымды адамдардың лауазымдарына орналасуға кандидаттарды конкурстық іріктеу

рәсімін жүргізудің негізі (міндетті шарты) болып табылады деп ойлауға негіз береді.

Осы тұжырым Соттың Үлкен алқасының 2017 жылғы 12 қыркүйектегі Консультативтік қорытындысының 1-тармағында баяндалған құқықтық позициясын ескереді, соған сәйкес Шарттың 9-бабының 2-тармағы Комиссия департаменттерінің лауазымды адамдарының лауазымдарына орналасуға кандидаттарды іріктеу тәртібін регламенттейді.

Баяндалғанға негіздей отырып, Соттың Үлкен алқасы Шарттың 9-бабының 2-тармағының бірінші сөйлемінің ережелері бір сол мүше мемлекет азаматтарының Комиссия департаментінде директордың және оның орынбасарының лауазымдарына орналасуына жол бермейді деп көрсетеді.

Шарттың 9-бабының 2-тармағы Комиссияның лауазымды адамдарына қойылатын талапты ғана емес, сонымен бірге бұл талап, бәрінен бұрын, конкурстық комиссияның жұмысы кезінде іске асырылуы тиіс екендігін көрсетуді де қамтиды. Конкурстық комиссия белгілі бір адамды директордың және/немесе директордың орынбасарының лауазымына тағайындауға ұсыным берместен бұрын, мұндай адамды тағайындау Шарттың 9-бабының 2-тармағы талаптарының бұзылуына әкеліп соқпауын тексеруге міндетті.

Шарттың 9 және 99-баптарын жүйелі талдау мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Шарттың 9-бабы III «Одақ органдары» бөліміне жатады, жалпы сипатқа ие және Шарт күшіне енгеннен кейін (2015 жылғы 1 қаңтардан кейін) пайда болуы мүмкін (немесе пайда болған) қатынастарды реттеуге тиіс.

Шарт күшіне енгенге дейін (2015 жылғы 1 қаңтарға дейін) пайда болған құқықтық қатынастар ерекше реттеу режиміне және Одаққа мүше мемлекеттердің айрықша ерік білдіруіне мұқтаж болды, бұлар «Өтпелі ережелер» бөлімінде өз шешімін тапты. Шарттың 99-бабы Шарттың дәл осы XXVII «Өтпелі ережелер» бөліміне жатады, ол Шарт күшіне енгенге дейін болып келген құқықтық қатынастарға жататын әбден айқын, нақты мазмұнға ие.

2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартқа сәйкес құрылған Комиссия Шарттың 99-бабының 3-тармағының үшінші және бесінші абзацтарына сәйкес өз қызметін Шартқа сәйкес жүзеге асырады, ал еңбек шарттары Шарт күшіне енгенге дейін жасасылған департамент директорлары мен директорлардың орынбасарлары өздеріне жүктелген міндеттерді орындауды еңбек шарттарында көзделген мерзімдер аяқталғанға дейін жалғастырады.

Демек, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 99 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия департаменттерінде лауазымды адамдардың лауазымдарына орналасуға кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия туралы ережеге сәйкес, Комиссия Кеңесінің мүшелері ұсынған кандидаттар бойынша бос лауазымдарға орналасуға конкурс жариялай отырып, Комиссия конкурс өткізу талаптарының Шартқа сәйкестігі фактісін тексеруге тиіс.

11. 2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартқа сәйкес құрылған Еуразиялық экономикалық комиссия өзінің 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес қызметін ол күшіне енген күннен бастап жүзеге асырады.

Соттың Үлкен алқасы Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде 2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартқа сәйкес құрылған Комиссия өз қызметін 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы ретінде жалғастырды деп түйіндейді. Бұл ретте оның құқықтық негізі өзгерді: Комиссия көрсетілген күннен бастап 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт негізінде жұмыс істеуді жалғастырды.

Комиссияның шарттық-құқықтық базасының өзгеруіне орай Комиссия департаменттерінің директорлары мен директорларының орынбасарларының мәртебесі және лауазымдарға орналасу тәртібі өзгерді.

2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шарттың 27-бабына сәйкес Комиссия департаменттерінің персоналы, Комиссия департаменттерінің персоналы Комиссия департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарларын қоса алғанда, қызметкерлерден тұрды, алайда Шарттың 2-бабының төртінші абзацы Комиссия департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарларын лауазымды адамдарға жатқызады.

Комиссия департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарларының құқықтық мәртебесінің өзгеруі жаңа құрылым мен штат санын, сондай-ақ осы лауазымдарға орналасу тәртібін белгілеуді талап етті.

Шарттың 99-бабының 3-тармағы Комиссия қызметінің шарттық-құқықтық негізі өзгертілген кезде Комиссия департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарларының хал-ахуалын реттейтін әртүрлі құқықтық режимдерді өзара келісу туралы мәселені шешеді және Еуразиялық интеграцияның институционалдық және кадрлық сабақтастығын орнату мақсатын көздейді.

Комиссия департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарларының жұмыс сабақтастығы Шарттың 99-бабының 3-

тармағының бесінші абзацында пайдаланылатын «еңбек шарттарында көзделген мерзімдер аяқталғанға дейін өздеріне жүктелген міндеттерді орындауды жалғастырады» деген тұжырымды оймен қамтамасыз етіледі.

Еңбек құқығының негіздеріне сүйене келгенде, жұмыскердің еңбек міндеттерін орындауы жұмыскер мен жұмыс беруші арасында еңбек қатынастары бар болуын, сондай-ақ жұмыскердің өз еңбек функциясын төлемақы үшін жеке өзі орындайтыны туралы келісімнің бар болуын бағамдайды.

Шарттың 99-бабының 3-тармағының бесінші абзацының ережелеріне түсініктеме беру үшін осы тәсілдемені қолдану Соттың Үлкен алқасына Шарт күшіне енген күннен бастап (2015 жылғы 1 қаңтардан бастап) бір жағынан департаменттердің директорлары мен директорларының орынбасарларының (жұмыскерлердің) және екінші жағынан Комиссияның (жұмыс берушінің) арасындағы еңбек қатынастары 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасасылған шарттарға сәйкес еңбек шарттарында көзделген мерзімдер аяқталғанға дейін жалғасады деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Соттың Үлкен алқасы Шарттың 99-бабының 3-тармағының бесінші абзацында Одаққа мүше мемлекеттер Шарт күшіне енген күннен бастап Шарт күшіне енгенге дейін (2015 жылғы 1 қаңтарға дейін) өздерімен еңбек шарттары жасасылған департамент директорлары мен директорларының орынбасарлары осы күннен бастап Комиссияның лауазымды адамдары мәртебесіне ие болуына және еңбек шарттарында көзделген мерзімдер аяқталғанға дейін осы лауазымдарда болуына келісті деп есептейді.

12. Шарттың 99-бабының 3-тармағының бесінші абзацының ережелері Комиссия мен департаменттер директорларының, олардың орынбасарлары арасындағы еңбек қатынастарын жалғастыруға қатысты мәселелерді реттеді, бірақ олар еңбек құқық қатынастарын тоқтату мәселелерін реттемейді.

Шарттың өтпелі ережелерінде еңбек шарттары Шарт күшіне енгенге дейін жасасылған департаменттер директорлары мен директорларының орынбасарларының және Комиссияның арасындағы еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің қандай да бір ерекшеліктері жоқ болғанда, жалпы қағидалар қолданылуға тиіс.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 99 «Еуразиялық экономикалық комиссияда лауазымдарға орналасу мәселелері» шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияда еңбек шартын (келісімшарт) жасасу, оны ұзарту және оны бұзу үшін негіздер тәртібінің 10-тармағына сәйкес еңбек шарты (келісімшарт) Кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереже нормаларын ескере отырып, Комиссияның болу мемлекетінің заңнамасында шартты

тоқтату (бұзу) үшін көзделген негіздер бойынша бұзылады. Еңбек шарты (келісімшарт) мынадай негіздер бойынша:

Комиссияға жұмысқа қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылуы мүмкін анық емес мәліметтер ұсынылғанда;

Шартта, Комиссия туралы ережеде көзделген талаптар мен шектеулер сақталмағанда;

кірістер, мүлік және мүліктік сипаттағы міндеттемелер туралы, сондай-ақ өз отбасының (жұбайының (ерлі-зайыптылардың) және кәмелетке толмаған балалардың) кірістері, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтер ұсынылмағанда не көрінеу анық емес немесе толық емес мәліметтер ұсынылғанда;

соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгенде;

қызметкер аттестаттау нәтижелерімен расталған жеткіліксіз біліктілігі салдарынан орналасқан лауазымына сәйкес келмегенде;

Комиссия Кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылатын Комиссияның құрылымы және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің штат саны өзгергенде және Комиссияның құрылымдық бөлімшелеріндегі лауазым (лауазымдар) қысқартылғанда да бұзылуы мүмкін.

13. Өтініш берушінің штаттың қысқаруына қатысты түсініктеме алу үшін жүгіну мән-жайларына орай 2017 жылғы 12 қыркүйектегі Консультативтік қорытындыда баяндалған тұжырымдар өзектілігін сақтайды: (штат) санының немесе лауазымдардың қысқартылуы ұйымның персоналды жалдаудың тиімділігі немесе экономикалық мақсатқа сәйкестік себептес болатын өз қалауымен шешуі болып табылады; сонымен бірге, ұйымның өз қалауымен шешуінің негізділік, объективтілік, заңдылық, кемсітпеушілік, тұрақтылық, қысқартылатын (босатылатын) халықаралық қызметкерлерге қажетті кепілдік деңгейін және құқықтық қорғаудың саймасай құралдарын ұсыну критерийлері себептес болатын өз шектері бар.

Департаменттердің штат саны мен құрылымын өзгертуді Комиссия департаменттерінің құрылымы мен олардың штат санын бекіту мен өзгертуге Одақ құқығы берілген Одақ органы жүзеге асыруы мүмкін.

14. Кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің 43-тармағына сәйкес Комиссия Алқасы мүшелерінің, Сот судьяларының, лауазымды адамдар мен қызметкерлердің еңбек қатынастары Ереже нормаларын ескере отырып, болу мемлекетінің заңнамасымен реттеледі.

2017 жылғы 12 қыркүйектегі Консультативтік қорытындыда нормалары Комиссияның халықаралық қызметкерлерінің қатысуымен еңбек қатынастарының пайда болу және өзгеру негіздерін, олардың еңбек функцияларының ерекшелігін және арнайы құқық субъектілігінің көлемін

регламенттейтін (Шарттың 9, 99-баптары, Комиссия туралы ереженің 54-тармағы және басқалары) Шарттың өзінде ұлттық заңнамаға сілтеме жасау қамтылатындығына байланысты Одақ органы ретіндегі Комиссияның болу мемлекеті заңнамасының нормалары Комиссияның халықаралық қызметшілерінің еңбек статусының Одақ құқығымен реттелмеген элементтеріне қолданылатыны көрсетілді.

Осы құқықтық позицияны басшылыққа ала отырып, өтініш берушінің сұрақтарына байланысты Соттың Үлкен алқасы жалпы қағида бойынша Комиссияның болу мемлекетінің еңбек заңнамасында белгіленген әлеуметтік кепілдіктер Одақ органдарындағы еңбек қатынастарын реттейтін Одақ құқығы жол беретін көлемде қолданылады деп топшылайды.

15. Одақтың халықаралық-құқықтық мәртебесі Одақтың өз персоналымен өзара қарым-қатынастарын өз бетінше реттеуін бағамдайды. Осыған қарай Одақтың құрылтай шарты оның ішкі ұйымдастырылуын реттеудегі негіз қалайтын құқықтық акт ретінде көрінеді. Мұндай реттеудің құрамдас бөлігі Одақ органдарындағы еңбек құқықтық қатынастарын регламенттеу болуға тиіс.

Жалпыға бірдей танылған халықаралық практиканы, сондай-ақ интеграцияны басқару органдарында бар еңбек қатынастарын реттеу тәжірибесін ескере келгенде, Одақ органдарындағы еңбек қатынастарын құқықтық реттеу проблемасының кешенді шешімі Одақ құқығын жетілдіру жөніндегі жұмыс шеңберінде Одақ органдарындағы халықаралық қызметшілердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету қажеттігін, сондай-ақ тиісті әлеуметтік және құқықтық қорғалуын ескере отырып, олардың еңбегінің және әлеуметтік қамсыздандырылуының әртүрлі аспектілерін неғұрлым кең регламенттейтін құқықтық акт әзірлеу және қабылдау бола алады.

2016 жылғы 3 маусымдағы және 2017 жылғы 12 қыркүйектегі Консультативтік қорытындыларда Соттың Үлкен алқасы Одақтың еңбек құқығы нормаларын дамытудың, Одақ шеңберінде персонал туралы ішкі ережелер (қағидалар) қабылдаудың, ұйымның ішкі мәселелерін ұлттық құқықпен реттеуден біртіндеп алшақтаудың мақсатқа сәйкестігін атап өтті. Мұндай құқықтық реттеудің қажеттігі осы Консультативтік қорытындыдан да туындауда.

V. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш беруге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші баяндамашы судья
Судьялар

А.А. Федорцов
А.М. Ажибраимова
Э.В. Айриян
Ж.Н. Бәйішев
Д.Г. Колос
Т.Н. Нешатаева
В.Х. Сейтімова
Г.А. Скрипкина
А.Э. Туманян
К.Л. Чайка